ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

4 апта

7-8 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

4 апта

Апталық кітап:

- **7-сынып:** Сәбит Мұқанов – “Балуан Шолақ”
- **8-сынып:** Чарльз Диккенс – “Повесть о двух городах”

Апталық челлендж:

“24 сағат бойы позитив”

Апталық жоба:

“Көршілерге күлкі сыйла”

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп (Достық, бауырмалдық қарым-қатынас)

Апталық отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

“Екі орындық”

Апталық отбасымен бірге көруге арналған фильмдер:

- **“Жау жүрек мың бала” - www.kinopoisk.ru/film/665337/**
- **“Фердинанд” - www.kinopoisk.ru/film/818144/**

Апталық қолөнер жұмысы:

Екі сурет салу

4 апта

Апталық челлендж:

- “24 сағат бойы позитив”

Мақсаты: күні бойы жақсы көңіл - күйде жүру және оның өзіне, жан-жағындағы адамдарға жақсы әсер ететінін сезіну. Ашуға, ызаға, өкініш т.б. негативті сезімдерге бой алдырмау.

Орындалуы: бір күнде немен айналысқанын, қандай жағдайлар өткергенін, кімдерге қандай жауаптар қайтарғанын ойланып, әр сағатына сараптама жасайды. Қандай сезімге бөленіп, қандай әсер алғанын айтады. Өз эмоциясын басқара алды ма және басқа адамдардың сезімдеріне эмпатия жасай алды ма? Осы сұрақтарға жауап беретін видео түсіріп, қаласа челленджді әрі қарай досына, ата-анасына не мұғаліміне жолдай алады.

Апталық жоба:

- “Көршілерге күлкі сыйла”

Мақсаты: көршілерге көтеріңкі көңіл-күй, күлкі сыйлау және креативті ойлаулауды шыңдау.

Орындалуы: үлкен бір қағазға немесе бірнеше қағазды бір-біріне жалғастыру. Сол қағазға адамдарға мотивация беретін және қуантатын сөйлем жазу. Мәселен, “Бәрі жақсы болады”, т.с.с. Сол қағазды көршілер немесе басқа адамдар көретіндей жерге іліп қою (балконға немесе терезеден шығарып). Шыққан нәтижені достарымен бөлісу.

4 апта

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп (Достық, бауырмалдық қарым-қатынас)

Ынтымақтастық жайлы ғибратты әңгіме:

Абайдың алтыншы қара сөзі

Қазақтың бір мақалы: "Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік" дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

"Ырыс алды – тірлік" дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлданған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп, мал табуға жігер қыла алмайсың.

4 апта

Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың – пысық, ішің – нас,
Артын ойлап ұялмас, болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

Апталық отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

Атауы: “Екі орындық”
Мақсаты: шындық пен өтіріктің аражігін ажырата білу, шыншылдық дағдысын қалыптастыру.
Уақыты: 10 минут
Түрі: ойын
Қажетті материалдар: 2 орындық
Орындалуы: Ортада екі орындық тұрады. Бірі - шындық орындығы, екіншісі - өтірік орындығы. Ойыншыларға көптеген сұрақтар қойылады. Ойыншы өтірік орындығына отырғанда, қойылған сұрақтарға тек қана өтірік жауап береді. Ал, шындық орындығына отырғанда шындықпен жауап береді. Ойын ережесі бойынша өтірік орындығында 2-3 сұрақ қойылғасын, бірден шындық орындығына ауысады. Шындық орындығында 4-5 сұрақтан кейін, өтірік орындығына қайтадан ауысып, бұрынғы сұрақтар қайтадан қойылады. Әрі қарай ойынды осылай жалғастыруға болады.
Қорытынды: Ойыншының шындық орындығындағы сұрақтарға адал жауап берудің оңай екендігін, ал өтірік орындығында жалған жауап ойлап табудың қиын, әрі ыңғайсыз екендігін түсінуі күтіледі.

www.qundylyq.kz